

П.З.Ишанов, Г.Ж.Жамалиева, Н.Т.Қалмағанбетова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: nazghul.Kalmaghanbietova.2013@mail.ru)*

Бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру мен олардың адами қарым-қатынасқа үйренуі

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуі және адами қарым-қатынасқа үйренулері және өзін-өзі пәні бойынша елімізде жүзегі асып жатқан мәселелері қарастырылды. Авторлардың пайымдауынша, бүгінгі күннің қояр басты талабы әрбір адамның өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі өзгерістерді ой елегінен өткізіп, жаңа жағдайға, өмірге қарай бейімделуі, яғни өздерін қайта құруы, бойларындағы құндылықтарды қайта бағалап, байыта отырып, өмір сүре алуы болып отыр.

Кілт сөздер: әлеуметтендіру, әлеуметтік, индивид, өзін-өзі тану, адами қарым-қатынас, адамгершілік-рухани қайнар, бастауыш сынып, құндылық, конструктивті процесс.

Өзгермелі әлем жағдайында бүгінгі күннің талабына орай мақсат, міндеттерді шешу үшін оларды іске асыратын болашақ ұрпақ қоғам дамуына сәйкес болуы қажет. Қоғамдағы өзгерістердің бағыт-бағдары мен талаптары сол қоғамда өмір сүріп отырған адамдарға да жаңа талап-тілектер мен құндылықтарды жүктеп отырады сөзсіз. Ал бүгінгі күннің қояр басты талабы әрбір адамның өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі өзгерістерді ой елегінен өткізіп, жаңа жағдайға, өмірге қарай бейімделуі, яғни өздерін қайта құруы, бойларындағы құндылықтарды қайта бағалап, байыта отырып, өмір сүре алуы болып отыр. Бұл — қажеттілік, өйткені өмір талабы осыны талап етеді.

Адам өмірге дайын мінез-құлық нормалар, рухани құндылықтар және қызығушылықтармен келмейді. Бұл қасиеттердің барлығы бірте-бірте әр түрлі әлеуметтік құрылымдар мен топтарда қалыптасып, дамып, қоғам дамуындағы өзгерістерге орай, қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан топтар мен жеке адамдардың іс-әрекетін реттейтін талаптарға бағынады. Ал әрбір адам қалыптасып, дамып тұлға, дербес адамға айналғанша өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйенің мәдени мұралары мен құндылықтарын игеруде өзіне тән жолдары мен сатылардан өтеді. Әлеуметтендіру үрдісі әлеуметтіктен тыс қалған адамды тәрбие арқылы әлеуметтендіріп, сол қоғамға сай өмір сүруге дағдыландырады. Бұл үрдіс жеке бастың жас ерекшелігіне байланысты күрделеніп, өзгеріске ұшырайды. «Әлеуметтендіру» сөзі «әлеуметтік» сөзімен тәркіндес, яғни (латынша — «socialis») әлеуметтік, қоғамдық деген ұғымдарды білдіреді. Әлеуметтену — индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін игеріп, тұлғаға айналу процесі [1, 2].

Ал ғалым Т.Қалдыбаеваның пайымдауынша, «әлеуметтендіру» ұғымы тұлға ұғымымен бірдей, бірі адамның әлеуметтік даму жолын бейнелесе, екіншісі — соның нәтижесі, ал әлеуметтендірудің мәні адамның адамдық қасиеттерін ашып, оны қоғамдағы әлеуметтік қатынасқа түсуге даярлау, тек әлеуметтік қатынасқа түсіп қана қоюға емес, саналы арақатынасқа, өзінен басқа да адамдар сезімі, мүддесі, сұранысы бар екенімен санаса отырып, адамдық мәніне лайықты қатынас жасау деп тұжырымдайды [3].

Т.Парсонс анықтамасы бойынша, әлеуметтендіру дегеніміз — индивидтердің жалпыға бірдей нормаларды бойына сіңіруі арқылы әлеуметтік жүйемен үйлесуі [4].

Н.Смелзердің пікірінше, адам алғаш өмірге келгеннен бастап әлеуметтендіру барысында тұлғаны қалыптастыру жүріп жатады. Кең көлемді құндылықтарды, сол арқылы адамдар тіршілігінің бағдарларын меңгереді дейді [3].

Тәуелсіз Қазақстан үшін жалпы адамзаттық мәселе, рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті сипатқа ие болып отыр. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік-рухани қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», — деп атап көрсеткен болатын. Шындығында, бүгінгі қарқынды дамыған заман ағымына ілесу үшін еліміздің

тізгінін ұстайтын болашақ ұрпаққа берілетін білім мен тәрбие саналы да сапалы және Отанымыздың жарқын болашағына қызмет ететіндей болуы керек.

Қазірге кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа түрлері жасалып, әлемдік білім беру кеңістігі бағыт алуда. Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған мұғалімнің іс-әрекеті тиімді болатыны әр кезден-ақ мәлім. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр [5].

Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруде уақыт талабына сай болу С.А.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» атты білім жобасының негізінде оқу жоспарына жаңа пәннің енгізілуінің қажеттілігін айқын аңғартып отыр. Ал сапалы білім еліміздің болашағына қызмет ету үшін болашақ қоғам мүшелерінің бойында адамгершілік-рухани қасиеттердің орын алуы аса маңызды. Сол себептен де бүгінгі білім кеңістігінде жарық көріп отырған «Өзін-өзі тану» бағдарламасының бұлдіршіндерді ізгілікке үйретіп, тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі болып отыр.

Қазіргі таңда адамның руханилылығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы ретінде бағаланады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес адамның тұлғалық және кәсіби шыңдалуына қол жеткізу мақсатында білімнің құзыреттілік бағытын жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасалуда. Сонымен бірге Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесі адамгершілік пен руханилылықты дамытуға бағдарланары анық. Адамгершілік жалпы мәдениетінің көрсеткіші ретінде оның абыройын, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануын білдіреді. Руханилық — адамның материалдық емес, адамгершілік құндылықтар басымдығына негізделген адам мен адамзат өмірінің рухтық-сезімдік жақтары, адамның өзгеше ойлау бейнесі мен тіршілік әрекеті. Әлемді құндылық тұрғысында ұғыну барысында өзін-өзі танудың рөлі шексіз арта түседі. Мұның өзі жеке тұлғаның өмірінің мәнін, өзінің өмірдегі орнын түсінуіне көмектеседі. Рухани-адамгершілік білім беру жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға, өзін-өзі тану процесінде жақсы адамды тәрбиелеуге бағдарланған. Рухани-адамгершілік білімді іске асыру процесі: әрбір оқушының өмірінің мәнін, өзін-өзі тану өзін-өзі анықтау және өзін-өзі іске асыру қажеттілігін түсінуі үшін жағдай туғызу негізінде жалпыадамзаттық құндылықтарға қатыстыруды; мектепте оқытылатын пәндердің тәрбиелік әлеуетін және олардың жеке тұлғаның қалыптасуындағы рөлін күшейтуді; әрбір оқу орындарында жеке тұлғаның рухани-адамгершілік сапасын дамытуды ынталандыратын ізгілікті білім ортасын құруды; оқушылардың қоғамға қызмет етуге бағытталған жасампаздық белсенділігін арттыруда; қазақстандық қоғамда өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселесіндегі кең көлемді әлеуметтік серіктестікті дамытуды көздейді [6].

Адамды ең жоғары құндылық ретінде ұғыну мектеп бейнесін және педагогикалық теория мен практика әдіснамасын түбегейлі өзгертеді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мен дамыту процесінде білімнің қолдаушы рөлі күшейе түсуде. Өзін-өзі тану оқу пәні ретінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуында түйінді рөл атқарады. Қазақстан қоғамындағы өскелең ұрпақтың рухани — адамгершілік білімі мен тәрбиесі жалпыадамзаттық, жалпыұлттық, этномәдени және тұлғалық құндылықтардың үйлесімді жинақталуына бағытталған. Осы құндылықтар адамның өзін толық іске асуына, өмірдегі өз рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, қоғамға қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Өзін-өзі тану білімінің құндылық тұрғысындағы мәнін күшейте түсіп, жеке тұлғаның риясыз сүюін, өзіне және өз күшіне сенуін, жақсылық жасауын, өзін және өмірді бар мүмкіндігінше тануын, өзін-өзі жетілдіруі мен физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу қабілеттерін ашады және дамытады.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мынадай жалпы мақсаттарды алдына қояды:

- ✓ әрбір оқушының өзінің жан дүниесін сезінуіне және өзінің дербестігін түсінуіне ықпал ету;
- ✓ жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуына өмірлік маңызы бар мынадай түйінді құзыреттіліктерді мақсатты түрде дамыту арқылы ықпал ету;
- ✓ өзінің өмірлік позициясын анықтау;
- ✓ әр түрлі адамгершілік нормаларға сәйкес конструктивті шешу;
- ✓ өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- ✓ адамға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсету;
- ✓ өзімен өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттеріне шынайы болу;
- ✓ жасампаздық белсенділік, азаматтық және отан сүйгіштік таныту;

✓ адамгершілік тұрғысынан таңдауға даярлығын таныту және өз ойы, сөзі мен ісіне жауапты болу;

✓ қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту [7].

«Өзін-өзі тану» пәнінің базалық білім беру мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш сыныптарда төрт негізгі бөлімді қамтиды:

1. Өзін-өзі тану бақыты.
2. Адами қарым-қатынасқа үйренейік.
3. Адам болам десеңіз...
4. Әсемдік әлемінде.

Осындағы «Адами қарым-қатынасқа үйренейік» тармағында бастауыш сынып оқушыларын коммуникативтік біліктер мен дағдыларды құрбыларымен тең құқықты, өзара сыйласымды қарым-қатынас құра білу, өзінің эмоциялық күйін түсіну, өз сезімдерін білдіре алу және басқалардың сезімін тани білу біліктерін, тұлғааралық шиеленістерді шешу дағдыларын игеруді және әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

«Адами қарым-қатынасқа үйренейік» тақырыбы ешкімнің ренжімеуіне және назардан тыс қалмауы үшін жағымды орта құруды қарастырады. Ол оқушылардың мінез-құлқындағы жағымды қырлары, яғни, айналасындағыларға және бір-біріне деген құрметті, эмоциялық жылылық пен өзара түсіністікті психологиялық нұсқау арқылы оңтайлы ұйымдастыруға бағытталған. Әдістемелік тәсілдер шиеленістерді болдырмаудың жолдарын бірлесіп іздеуге және пайда болған шиеленісті жағдайлардан шығудың лайықты тәсілдерін табуды анықтауға бағытталған. Оқушыларды басқалардың келеңсіз мінез-құлықтарына орай әдепті әрекет етуге, балалардың кешірімділік қасиетін қалыптастыруға және оны дамытуға, кішіпейілділік, тектілік, төзімділік көрсете білуге шыдамдылықпен үйретуге негізделген.

Оқыту үдерісінде баланың адамдар арасындағы қарым-қатынас этикасы ережелерін меңгеруі маңызды болып табылады. Бұл үшін оларды қарым-қатынас білігін, ынтымақтастық пен ұжымшылдық рухын дамытуға, басқалардың сезімін түсінуге, топпен қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттестікке, басқа балалармен достасуға, жетістіктер мен сәтсіздіктерін бөлісуге, өз мінез-құлқын бақылап, оны саналы түрде басқаруға, түрлі өмірлік жағдаяттарда батыл және өзіне сенімді болуға үйрету керек. Балаларды жаттығуларға, ойындарға, шығармашылыққа, экспериментке, іс-әрекетке практикалық кірістірудің түрлі формалары жас жеткіншекті тәрбиелеу нормаларына тартуға, өзіне, айналасындағыларға, құрбыластарына және үлкендермен қатынасында эмоционалдық-мотивациялық нұсқаулар қалыптастыруға, коммуникативтік және әлеуметтік дағдылар, біліктер және қарым-қатынас тәжірибелерін дамытуға, қоғамдағы дұрыс мінез-құлықты және жеке даралық қасиетті дамыту үшін қажетті мүмкіндіктер туғызу қажет.

Осы тармақта алған өзара адами қарым-қатынастың сыпайы тәсілдері, құралдары мен әдістері туралы білім балаларға қатынас жасау өнері жөнінде түсінік береді. Олардың жақын адамдарына, сыныптастарына, таныстарына мейірлі болып, шынайы сезімге тәрбиеленуіне мүмкіндік туғызады. Бұл сабақтар балаларды әңгімелесушінің эмоционалдық күйін түсінуге, өз ойлары мен сезімдерін дұрыс жеткізе білуге, жақсы қатынасты бағалай білуге және айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қуанышқа бөлене алуына, оларға қамқорлық көрсетуге және шамасына қарай көрсетуге үйретеді.

«Адами қарым-қатынасқа үйренейік» тарауына 1-сынып оқушыларын оқытатын болсақ, бұнда мына жағдайлар қарастырылады «Сәлем берем ізетпен», яғни ол деген үлкендермен амандасуға, бір-бірімен сәлемдесуге үйрену, бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсете білу. Әдептілік, сыпайылық, ізеттілік ұғымдарын түсіну, әдеп талаптарын орындай білу, ізетті, сыпайы, тәртіпті болуға үйрену. «Тіл табыса білейік» — бұл жағдайда бір-бірін түсіне білуге, тыңдауға үйрену, кешірімді болу, өзара сыйластық, өзара түсіністік пен татулықты бағалай білу. «Көмектесе білейік» — айналасындағы адамдарға көмек көрсету, өзара көмек жасауға үйрену. Өзіне жақын, ниеттес адамға сенім білдіру, өзара жауапкершілікті түсіну, қамқорлық жасай білу, бір-біріне адал болуға үйрену. «Сыйласаң — сыйлы боласың» бөлімінде дос, жақын, туыс адамдармен өзара сыйластық, адамдарға шын ниетпен құрмет көрсете білу.

«Адами қарым-қатынасқа үйренейік» тарауына 2-сынып оқушыларын оқытатын болсақ, бұнда мына жағдайлар қарастырылады: «Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет» — құрмет, ізет, сыйластық туралы түсінік беру. Қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту. Үлкендер мен кішілер арасындағы

сыйластықты түсіндіру. «Кешірімді бала — кішіпейіл бала» — кешірім ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Кішіпейілділік, кешірімділікке бейім қабілеттерін дамыту. «Келісім түбі — жарастық» — келісім, жарастық туралы түсінік беру. Достаса білу қасиеттерін дамыту. Өзара татулыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. «Күш бірлікте» — бірлік туралы түсінік беру, көпшіл болу іскерліктерін дамыту, өзара сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу [8].

Оқушылар 1–2-сыныптың соңында:

- адамгершілік құндылықтар мен өзін-өзі тану, білім, елжандылық, еңбек, отбасы, қамқорлық, сыйластық, достық, ұжым, бақыт, сүйіспеншілік сияқты жана ұғымдар, құндылықтар туралы алғашқы түсініктерді біледі;
- балалар өзінің жаңа әлеуметтік тұрғыдағы оқушы рөлін түсінеді, сыныптастарымен, ұстаздарымен, мектеппен танысады, жалпы ұжымда еңбек етуді үйренеді;
- қарым-қатынас, тіл табысу, ынтымақтастық, Отан, денсаулық, әдептілік, өзара түсіністік, сыйластық құндылықтарын меңгереді;
- мейірімділік, қайырымдылық, жауапкершілік, адалдық, жақсылық жасауға ұмтылушылық, шыншылдық, сияқты адами қасиеттердің мәнін түсінеді;
- табиғатқа қамқорлық, денсаулықты сақтау, жасампаздық жарасымы туралы түсініктері қалыптасады;
- денсаулық сақтаудың маңыздылығын түсінеді, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және қолдана алады;
- өз ойын, сезімін, алған әсерін шығармашылық әрекеттер арқылы жеткізе алады;
- Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдері арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастық құндылықтары туралы түсініктерді біледі;
- шынайы достық және қарым-қатынас қуанышының мәнін сезінеді, құрбылары мен үлкендер арасындағы достық пен сыйластықты бағалай біледі;
- оқушы құқығы мен міндеттерін біледі және оларды қолдана алады;
- бұрын меңгерген адамгершілік құндылықтар мен білім ой, сөз, іс, татулық, махаббат, шындық, ар, ұят, обал, сауап сияқты жана ұғымдар туралы кеңейтілген түсініктерді біледі;
- оқуға құштарлыққа талпынуды, ұстаздарын сыйлауды халық даналығын бағалауды, отбасылық дәстүрлерді сақтауды туған өлкені аялауды, ана тілін құрметтеуді үйренеді;
- адамның өзіне және өзгелерге деген махаббат, мейірімділік, сенім, шыншылдық, адалдық, әділдік, батылдық, құрмет сияқты жағымды қасиеттері, сондай-ақ жағымсыз қасиеттер мен эмоциялардың көрінісі туралы түсініктері болады;
- қарама-қарсы жыныс өкілдерімен достық қарым-қатынас жасай алады;
- адам мен табиғаттың бірлігі, табиғаттың адам дамуына жағымды әсері туралы бастапқы түсініктері болады, қоршаған ортаға аналы түрде ұқыптылықпен қарым-қатынас жасайды;
- адамдармен қарым-қатынаста достаса білуді, өзара келісімге келуді, түсінісуді, тіл табысуды, кешірімді, кішіпейіл бола білуді, көңіл-күйін басқара алуды біледі;
- өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне алады, мектепте, үйде, қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін қолдана алады [9].

«Адами қарым-қатынасқа үйренейік» тарауына 3-сынып оқушыларын оқытатын болсақ, бұнда мына жағдайлар қарастырылады. «Ризашылық пен алғыс» — сыйластық құндылығы туралы түсінік. Ризашылық пен алғыс туралы түсінік; үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік, сыпайылық қарым-қатынасы. «Өзінді де, өзгені де аяла» — махаббат, сыйластық туралы түсінік. Өзінді, өзгені аялаудың адам өміріндегі маңыздылығы; өзіне, өзгелерге аялы, сыйлы қарым-қатынастар. «Шаңырақ жарастығы» — сыйластық, махаббат құндылықтары туралы түсінік. «Сіз деген — әдеп, біз деген — көмек» — сыйластық, қамқорлық құндылықтары туралы түсінік. Өзара сыйластық қарым-қатынасының адам өміріндегі мәні. «Ойнай білу де — өнер» — сыйластық, достық құндылықтары туралы түсінік. Шыдамдылық, сабырлық, ақылдылық адами қасиеттердің өмірдегі маңыздылығы. «Ұл бала мен қыз бала» — сыйластық, достық құндылықтары туралы түсінік. Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінік. «Дос болайық бәріміз» — достық құндылығы туралы түсінік. Татулық пен достықтың адам өміріндегі маңыздылығы; өзара көмек, жолдастық сыйластық қарым-қатынастары.

Адами қарым-қатынасқа үйренейік тарауына 4-сынып оқушыларын оқытатын болсақ, бұнда мына жағдайлар қарастырылады: «Жақсы сөз — жанға қуат» — сөз, бақыт құндылығы туралы

түсінік. Жақсы сөздің адам өміріндегі маңыздылығы; жақсы сөздерді қолдана білу іскерліктері. «Адал достық» — достық құндылығы туралы түсінік. Адал достықтың мәні; өзара сыйластық қарым-қатынастары. «Ашу — дұшпан, ақыл — дос» ұстамдылық, сабырлылық адами қасиеттер туралы түсінік. Ұстамдылық, сабырлылық, ақылдылықтың мәні; өзара жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктері. «Қуаныш — жан шуағы» — бақыт, сыйластық, махаббат құндылықтары туралы түсінік. Қуаныш сезімнің адам өміріндегі мәні; өзара жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктері. «Кешірім мен келісім» — достық құндылығы және татулық, кешірімділік адами қасиеттері туралы түсінік. Кешірімділік, татулық, бірліктің адами қарым-қатынастағы маңыздылығы; шынайы достық қарым-қатынастар жасау іскерліктері. «Ортақ іс табысы» — еңбек, сыйластық, ынтымақ құндылықтары туралы түсінік. Ынтымақ, бірліктің адам өміріндегі маңызы; бірлесіп жұмыс істей білу іскерліктері. «Құрметтей білейік» — құрмет, сыйластық құндылықтары туралы түсінік. Құрмет, сыйластық әдептерінің адами қарым-қатынастағы маңыздылығы; ізетті қарым-қатынас жасау іскерліктері. «Таза болса табиғат, аман болар азамат!» — табиғат, денсаулық құндылықтары және табиғатқа қамқорлық адами қасиеттері туралы түсінік. Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсінік; денсаулығын күту іскерліктері. «Денсаулық өмір негізі» — денсаулық құндылығы туралы түсінік. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығы; денсаулығын күту іскерліктері. «Үйренгенім көп менің» — адамгершілік құндылықтар, адами қасиеттер туралы түсінік [10].

Оқушылар адами қарым-қатынасқа үйренейік тарауынан 3–4-сыныптың соңында:

- шаңырақ сыйластығы, ұл бала мен қыз бала достастығын біледі;
- топта, сыныпта, отбасында өзіне және өзге адамдарға көңіл бөліп сыйлайды, сондай-ақ бейтаныс адамдармен өзара жағымды, достық қарым-қатынас жасай алады;
- табиғаттың өмір сүрудің негізгі ретіндегі маңызын түсінеді;
- оқу кітаптарын саналы түрде таңдай біледі, өз мінез-құлқын әдеби кейіпкерлердің әрекеттері арқылы бағалай алады;
- адамгершілік құндылықтар мен өмірді тану, білімге құштарлық, ойлылық, ұжымшылдық, арман, ата-баба өнері, тіл, туған ел, жақсы сөз, адал достық, қуаныш, ашу мен ақыл, кешірім, мен келісім, ортақ іс, құрмет, жақсылық жасау, талаптану, тыңдай білу, өзімшілдік пен көпшілдік, батылдық пен өжеттік, еңбекқорлық пен еріншектік, төзім мен табандылық, сабырлылық сияқты жаңа ұғымдар туралы терең түсініктер алады;
- өзінің сезімдері мен талпыныстарын көрсете алады, жағымсыз эмоциялары мен әрекеттерін тежей алады;
- өз ойы мен алған әсерлерін шығармашылық әрекеттер арқылы жеткізе алады;
- этика ережелерін біледі және іс жүзінде қолдана алады;
- табиғатқа, жер-анаға, суға қамқорлық жасай алады;
- денсаулықты сақтау және нығайтуды біледі;
- адам мен табиғаттың үйлесімділігі, табиғаттың адам дамуына жағымды әсерін сезіне алады, табиғатқа қамқорлық жасайды;
- өзін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сезінеді, ел, қала, ауыл, мектеп өміріне өзінің қатысты екенін біледі, қоғамға қызмет етудің мәнін түсінеді.

Бұл бағдарламаларды саралаудан шығатын қорытынды бағдарламалардың әрқайсысының өзіндік бағыт-бағдарымен, алға қойған мақсат-міндеттеріне қарамастан, барлығын тоғыстыратын негізгі мақсат — оқушыны тұлға немесе дербес адамға жеткізудің жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздеуі мен сол ізденістерін ғылыми негіздеп тәрбие бағдарламалары мен педагогикалық бағыттарды жасауында [11].

Ғалымдар атап көрсеткендей, адамның қалыптасып дамуының айқындалушы немесе жауапты, адам өміріндегі тұтас бір кезең болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік білімдері жинақталып қалыптасады. Ал осы кішкентай адамның қалыптасып, дамуы шартты түрде өмір сүріп отырған ортасы мен үлкендерге байланысты екені даусыз. Сол себептен оқушылар мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп, қажеттіліктерін қанағаттандыру ең бірінші шарт. Ал оқушының әрекетке келтіретін күш — қажетсіну. Бұл оқушының өзіндік «Менінің», өзіндік көзқарасы мен танымының бастамасы. Қажетсінудің өзі бастауыш сынып оқушыларының барлығында жоғары дамып, әр кезде көрініс береді, ал осы қажеттілік өз дәрежесінде қанағаттанбаудан көмескіленіп немесе жойылып жатады. Психологтардың пайымдауынша, қажеттілік — құмарлық — ниет — ұмтылыс — қызығу — көзқарас — наным жүйесінің қалыптасуы адамның бағыт-бағдарының

калыптасуы, тұлғалыққа жеткізу жолы іспеттес екен. Демек, бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру және адами қарым-қатынасқа үйренулері педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы — 1-т. «Қазақ энциклопедиясының» Бас ред. — Алматы: Атамұра баспасы, 1998. — 540 б.
- 2 Мудрик А.В. Социальная педагогика. — М.: Изд. центр «Академия», 2000. — 255 с.
- 3 Қалдыбаева Т. Білім социологиясы. — Алматы: Фолиант, 1997. — 184 б.
- 4 Қазақстан мектебі. — 2000. — № 7. — 11–12-б.
- 5 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — Алматы: Эверо, 2004. — 420 с.
- 6 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459
- 7 Бернс Р. Развитие «Я-концепции» и воспитание. — М.: Просвещение, 1986. — 226 с.
- 8 Kulpe O. *Outlines of Psychology*. — New York: ARNO PRESS, 1973.
- 9 Titchener E.B. *Systematic Psychologie PROLEGOMENA*. — Itacaand London: Cornell University Press, 1972.
- 10 «Өзін-өзі тану» пәнінің Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: nurbolat.ucoz.net/r_bilim_beru_standarty.doc
- 11 «Өзін-өзі тану» пәнінің оқу бағдарламасы. 1–11 сыныптар. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: online.zakon.kz/Document/?doc_id=30595914

П.З.Ишанов, Г.Ж.Джамалиева, Н.Т.Калмаганбетова

Социализация учащихся начальных классов в освоении правил человеческих взаимоотношений

В статье рассмотрены проблемы социализации учащихся начальных классов, освоения ими правил человеческих отношений, нравственных ценностей через предмет «Самопознание». В условиях современного изменяющегося общества, подчеркнуто авторами, каждый человек должен адаптироваться к изменениям и, оценивая и обогащая ценности жизни, самосовершенствоваться.

P.Z.Ishanov, G.Zh.Dzhamaliyeva, N.T.Kalmaganbetova

Socialization of initial classes of students, in mastering governed by them humanrealition

The problems of socialization of initial classes of students are considered in the article, mastering by them rules of human relations, mastering of moral values through the article of «Self-knowledge». In the conditions of modern changing society everybody must adapt oneself to change and, estimating and enriching the values of life, to improve.

References

- 1 *The National Encyclopedia*, 1, Almaty: Kazakh encyclopedia, 1998.
- 2 Mudric A.B. *Social pedagogics*, Moscow: Publi. center «Academy», 2000.
- 3 Kaldybayeva T. *Education sociology*, Almaty: Foliant, 1997, 184 p.
- 4 School of Kazakhstan, 2000, 7, p. 11–12.
- 5 Koianbayev Zh.B., Koianbayev R.M. *Pedagogika*, Almaty: Evero, 1998, 420 p.
- 6 *State program of a development of education The Republic of Kazakhstan for 2011–2020*, [ER]. Access mode: adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459
- 7 Berns R. *Development of «I-concept» and education*, Moscow: Prosveshenie, 1986, 226 p.
- 8 Kulpe O. *Outlines of Psychology*, New York: ARNO PRESS, 1973.
- 9 Titchener E.B. *Systematic Psychologie PROLEGOMENA*, Itacaand London: Cornell University Press, 1972.

10 «Self-knowledge» subject of the state compulsory secondary education standard of the Republic of Kazakhstan, Almaty, 2010, [ER]. Access mode: nurbolat.ucoz.net/r_bilim_beru_standarty.doc.

11 «Self-knowledge» subject curriculum 1–11 classes, Almaty, 2010, [ER]. Access mode: online.zakon.kz/Document/?doc_id=30595914

ӘОЖ 373.2-056.22

Г.Қ.Белгібаева, Ж.Т.Жакенова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: gilchi09@mail.ru)*

Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісіндегі денсаулық сақтау технологияларының ерекшеліктері

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың денсаулығының жақсаруына бағытталған бірқатар денсаулық сақтау технологиясының бағыттары қарастырылған. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен авторлардың қоршаған ортаның бала денсаулығына әсеріне байланысты зерттеулері денсаулық сақтау технологияларын жетілдіруге мүмкіндік жасады. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты мегзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі ұйым, денсаулық сақтау технологиясы, дене шынықтыру, медициналық блок, сауықтыру іс-шаралары, дене дайындығы деңгейі, дене бітімінің жетілуі, психофизиологиялық ерекшеліктер, қозғалыс координациясы, қимыл-қозғалыс техникасы.

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау — біздің мемлекетіміздің басымды шарттарының бірі, ол жөнінде «Қазақстан – 2030» әлеуметтік даму стратегиясында және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында айтылған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім беру мекемелерінде өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдеме болатындай жағдай жасалуы керек. ҚР Білім беруді дамытудың 2011–2020 мемлекеттік бағдарламасында оқыту жүйесіне жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажет екендігі айтылған [1]. Осыған байланысты біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты мектепке дейінгі мекемелерде денсаулық сақтау технологияларын құру болды.

Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты мегзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін денсаулық сақтау тұрғысынан ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балада денсаулықты сақтау мен нығайтуға тұрақты сұранысты тудырады.

Бүгінгі мектепке дейінгі ұйымның мақсаты — мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыту. Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке дейінгі ұйымда алған алғашқы қарапайым түсініктері оның болашақ өміріне қажетті, қолданылатын білім болуы тиіс. Бұл мақсатқа мектеп жасына дейінгі бала мен педагог денсаулығын көздейтін оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін жинақтаған денсаулық сақтау педагогикалық технологиясы арқылы жете алады. Мұғалім педагогиканың соңғы жаңалықтарын біле отырып, бала, ата-ана, медицина қызметкерлері мен өз әріптестерімен бірлесе отырып, өз жұмысын барлық педагогикалық процестің қатысушылары денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағыттап жоспарлайды.